show personal qualities through consistent educational actions that are aimed at solving the tasks of educational and cognitive activity of the studied subject. We have established that the main subject competencies focused on ensuring the effective organization of the development of the content of subject knowledge are the ability to plan educational and cognitive activities. The implementation and regulation of educational activities in accordance with a given goal, the collection and processing of information from various sources, the mastery of scientific terminology, key concepts, the transformation and application of new knowledge in educational and educational-project situations, monitoring, evaluation, analysis and reflection of educational and cognitive activities contributes to the formation of subject competencies.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Ильязова, М. Д.** Компетентность, компетенция, квалификация – основные направления современных исследований // Научные исследования в образовании. – 2008. – № 1. – С. 28–31.

2 Государственный образовательный стандарт 12-летней школы в Республике Казахстан от 2006 г.//12-летнее образование. – 2006. – № 3. – С. 73.

3 **Калегина, О. А.** Компетенции как цель и результат получения образования // Вестник Московского государственного университета культуры и искусств. – 2006. – № 2. – С. 102–107.

4.Кузнецова Н.Е. Формирование систем понятий при обучении химии. / Н. Е. Кузнецова – М. : «Просвещение», 1989. – С. 23–26.

5 **Смородинова, М. В.** Модель формирования предметных компетенций учащихся основного общего образования //Образование и воспитание. –- 2016. – № 5 (10). – С. 18–22.

6 **Загвоздкин В. К.** Модели компетентности. / В. К. Загвоздкин // Школьные технологии. – 2009. – № 3. – С. 5–13.

7 **Хуторской, А. В.** Статья «Технология проектирования ключевых компетенций и предметных компетенций». // Интернет- журнал «Эйдос» С. 2–3.

8 **Гузеев В. В.** Организационные формы работы. / В. В. Гузеев // Химия в школе. – 2002. – № 4.

9 **Сластенин, В. А.** Педагогика: учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / В. А. Сластенин, И. Ф. Исаев. – М. : Академия, 2002. – С. 576.

10 **Ваулина, Н. М**. Изучение химических свойств веществ. / Н.М. Ваулина // Химия: методика преподавания в школе. – 2002. – С. 16–17.

REFERENCES

1 **Ilyazova, M. D.** Competence, competence, qualification – the main directions of modern research // Scientific research in education. – 2008. – No. 1 – P. 28–31.

2 State educational standard of a 12-year school in the Republic of Kazakhstan from 2006//12-year education. - 2006. - No. 3. - p. 73

3 **Kalegina, O. A.** Competencies as the goal and result of education // Bulletin of the Moscow State University of Culture and Arts. – 2006. – No. 2. –P. 102–107

4 **Kuznetsova, N. E.** Formation of systems of concepts in teaching chemistry. / N. E. Kuznetsova. – M. : «Enlightenment», 1989. – P. 23–26.

5 **Smorodinova, M. V.** Model of formation of subject competencies of students of basic general education //Education and upbringing. – 2016. – № 5 (10). – P. 18–22.

6 **Zagvozdkin, V. K.** Models of competence. / V. K. Zagvozdkin // School technologies. – 2009. – № 3. – C. 5–13.

7 **Khutorskoy, A. V.** Article «Technology of designing key competencies and subject competencies» // Online magazine «Eidos». – P. 2–3.

8 **Guzeev, V. V.** Organizational forms of work. / V. V. Guzeev // Chemistry at school. – 2002. – No. 4.

9 **Slastenin, V. A.** Pedagogy: studies. manual for students. higher. ped. studies. institutions / V. A. Slastenin, I. F. Isaev. – M. : Academy, 2002. – C. 576.

10 **Vaulina, N. M.** The study of chemical properties of substances / N. M. Vaulina // Chemistry: methods of teaching at school. – 2002. – C. 16–17.

11 **Kuzmina, E. I.** Psychologiya svobody: teoriya i praktika. – SPb. : Piter, 2007. – 336 p.

Material received on 14.09.22.

*Ж. Т. Тергенбаева[1], Л. Н. Карашолақова[2], Н. Амангелді[3]*
[1]С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.;
[2]Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.;
[3]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Материал 14.09.22 баспаға түсті.





## ПӘННІҢ БИОӘРТҮРЛІЛІГІНІҢ МЫСАЛЫНДА МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ПӘНДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Мақалада оқытуды жеке оқыту жолдары бойынша пайдалану қарастырылады, топтық жұмыс, топтық жұмысқа белсенді қатысу мүмкіндігі, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде өсімдіктердің биоалуантүрлілігін оқытуда пәндік құзыреттілігін қалыптастыру әдістері мен құралдары ретінде топтық жұмыстың тиімділігін анықтау. «Өсімдіктердің биоәртүрлілігін сақтау әдістері» тақырыбы бойынша сабақ үлгісі негізінде 6В0150 – Биология 2 курс студенттерінің биологиялық білімдеріне талдау жасалды, оқытудың жеке және топтық формалары пайдаланылды, мұнда нұсқаулық карталар (жеке тұлғаның карталары) пайдаланылды. Теориялық немесе практикалық бағыт) тиімді пайдаланылды, тесттік бақылау түріндегі сараланған тапсырмалар (ең төменгі, жалпы, жоғары және жоғары деңгейге арналған нұсқалар), студенттердің таңдауы үшін өзіндік жұмыстың көптеген нұсқалары (төрт қиындық деңгейінде). Пәндік құзыреттілікті қалыптастырудың оңтайлы және тиімді әдістері анықталды.*

*Кілтті сөздер: құзыреттілік, құзыретті, оқыту әдістері, тест технологиясы, топтық оқыту.*

*Ж. Т. Тергенбаева[1], Л. Н. Карашолакова[2], Н. Амангельды[3]*
[1]Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,
Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск;
[2]Жетысуский университет имени Илияса Жансугурова,
Республика Казахстан, г. Талдыкорган;
[3]Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 14.09.22.

## ФОРМИРОВАНИЕ ПРЕДМЕТНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ ПЕДАГОГОВ НА ПРИМЕРЕ ПРЕДМЕТА БИОРАЗНООБРАЗИЕ

*В статье рассматриваются использование обучения по индивидуальным траекториям обучения; работа в группах; способность активно участвовать в групповых работах; выявление эффективности в групповых работах как методы и средства*

*формирования предметной компетентности при обучении биоразнообразия растений в НАО Восточно-Казахстанский университет имений С. Аманжолова. На примере урока по теме «Методы сохранения биоразнообразия растений» сделан анализ биологических знаний учащихся 2 курса 6В0150 – Биология, применен индивидуальный и групповые формы обучения где эффективно был использован карточки-путеводители (карты индивидуального теоретического или практического маршрута); дифференцированных заданий в виде тестового контроля (варианты минимального, общего, высокого и продвинутого уровня); много вариаций самостоятельных работ (по четырем уровням сложности) на выбор учащихся. Выявлены оптимальные и эффективные методы для формирования предметной компетенции.*

*Ключевые слова: компетенция, компетентность, методы обучения, тестовая технология, групповая форма обучение.*





FTAMP14.35.09

https://doi.org/10.48081/XXRT8847

***М. А. Абдуалиева[1], Э. М. Сапарбаева[2], Е. Ж. Төребек[3]***
[1,2,3]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

## *«ҚҰРЫЛЫС» БАҒЫТЫ СТУДЕНТТЕРІНЕ ЖОБАЛАУ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІНДЕ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МОДЕЛІ*

*Әлемдік тәжірибеде құрылыс саласын дамыту жаңа құрылыс материалдары мен технологияларын қолдану мен қатар білікті құрылыс инженерлерін даярлауды қажет етеді. Сондықтан мұндай мамандарды даярлау қазіргі уақытта мемлекеттік басым міндеттердің бірі болып табылады. Бұл міндеттерді шешудің жолдарының бірі – жаратылыстану-ғылыми пәндердің теориялық және практикалық негіздерін қолдану болып табылады. Осы пәндердің бірі ретінде математика – «Құрылыс» даярлық бағыты бойынша бакалавриат бағдарламасының базалық пәндеріне енгізілген. Аталған пән негізінде болашақ мамандарды есептеу-жобалау және техникалық-экономикалық қызмет саласында даярлықтарын жетілдіру өзекті мәселе болып табылады. Кез-келген құрылыс объектісін жобалау – бұл болжамды объектіні құру үшін күрделі көп компонентті қызмет. Жобалау кезеңдерінің ішінде – құрылыс материалдары мен топырақтарының беріктік, деформациялық және басқа да механикалық қасиеттерінің мәндерін есептеу, сондай-ақ, құрылыс конструкцияларының әртүрлі типтерінің сипаттамаларын есептеу, құрылыс объектісіне жүктемелерді анықтау және есептеу математикалық білімдерге тәуелді болады. Бұл мақалада «Құрылыс» білім беру бағдарламасы бойынша математика пәнін оқытуда жобалау іс-әрекетінің кезеңдерін орындаудың жалпыланған әдістерін қалыптастыру әдістемесі қарастырылған. Зерттеу барысында математика пәні бойынша білімдер негізінде орындалатын жобалау іс-әрекетінің кезеңдері әзірленді. Математика сабақтарында бакалавр-құрылысшыларда жобалау іс-әрекетін қалыптастыру әдістемесінің моделі жасалынды. Зерттеу нәтижелерін құрылыс*

*бағыты бойынша және инженерлік салаларда да математика пәнін оқыту үдерісінде қолдану тиімді болып табылады.*

*Кілтті сөздер: математика пәні, жобалау іс-әрекеті, құрылыс саласы, қалыптастыру, модель.*

**Кіріспе**

Білім мен кәсіби дағдылар – заманауи білім беру жүйесінің негізгі бағдарлары болып табылады. «Қазақстан – 2050» стратегиясына сәйкес қазіргі заманғы жоғары оқу орындары – инженерлік білім беру мен қазіргі заманғы техникалық мамандықтар жүйесін дамытуды көздеу қажет. Сондықтан да, көптеген техникалық білім беру бағдарламаларының міндеті – Қазақстан Республикасы экономикасының құрылыс, мұнай, газ және көлік секторындағы тез өзгеретін әлеуметтік-экономикалық жағдайларда бәсекеге қабілетті, жоғары білікті, құзыретті мамандарын даярлау болып табылады.

Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың 2022 жылғы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында техникалық және кәсіби білім беру саласын дамыту мақсатында кезек күттірмес ауқымды міндеттерді орындау қажеттігін айтып өтті [1].

Осының негізінде «Құрылыс» білім беру бағдарламасы – Болон процесінің қағидаттарын және қазіргі заманғы сапа стандарттарын іске асыру арқылы жоғары білім беру саласында, жоғары сапалы білім беру қызметтерін ұсына отырып, өзгермелі қоғамқа бейім кадрлар даярлау жөніндегі ұлттық кеңістіктегі көшбасшылыққа қол жеткізуді мақсат етеді.

Аталған білім бағытын тәмәмдаған түлектер есептік-жобалық және техникалық-экономикалық, өндірістік-технологиялық, ғылыми-эксперименттік, құқықтық, сараптамалық және консультациялық сонымен қатар, білім беру сияқты кәсіби қызметтерді орындай алады.

Есептеу-жобалау және техникалық-экономикалық қызмет бойынша түлектер ғимараттар мен құрылыстардың конструкциялық элементтерінің тиісті есептеулерін жүргізуге, жаңа объектілерді салу, жөндеу, қолданыстағы объектілерді реконструкциялау жобаларын жасау және техникалық-экономикалық негіздеу сияқты құзыреттерге ие болуы қажет.

Кез-келген құрылыс объектісін жобалау – бұл болжамды объектіні құру үшін күрделі көп компонентті қызмет. Жобалау кезеңдерінің ішінде – құрылыс материалдары мен топырақтарының беріктік, деформациялық және басқа да механикалық қасиеттерінің мәндерін есептеу, сондай-ақ, құрылыс конструкцияларының әртүрлі типтерінің сипаттамаларын есептеу, құрылыс объектісіне жүктемелерді анықтау және есептеу математикалық білімдерге





тәуелді болады. Осы құзыреттерді қалыптастыру үшін математикалық білімнің маңызды орын алатындығын ескерген жөн.

Техникалық мамандықтарда, соның ішінде «Құрылыс» даярлау бағыттары бойынша математика курсы болашақ құрылыс бакалаврларын жалпы кәсіби және арнайы оқытуға негізделген базалық пәндердің бірі болып табылады. Іс жүзінде құрылыс саласындағы маңызды мәселелерді шешу үшін математикалық заңдарды, есептеулер мен қағидаларды, формулаларды қолдану қажеттілігі туралы түсінік қалыптасады.

Техникалық университеттерде математиканы оқыту әдістемесін жетілдіру бағытында бірнеше еңбектерді кездестіруге болады. Т. О. Рудик, О. В. Сулима өз зерттеулерінде техникалық студенттердің математикалық құзіреттілігін қалыптастыру мәселелерін қарастырады. Техникалық университет студенттерінің математикалық құзіреттілігін қалыптастыру үшін математиканы оқыту процесі орынды проблемалық жағдайлардың дәйектілігі түрінде құру, оқу материалын саналы түрде игеруге, оның қолданбалы бағытын анықтауға, болашақ кәсіби қызмет мәселелерімен байланысуға ықпал ететіндігін көрсетеді [2].

Л. Ву және Ю. Ли білім беру технологияларын қолдана отырып, математиканы жобалық оқыту әдісімен колледжде оқытудың инновациялық педагогикасын ұсынды. Ғалымдар «Теңдеулерді есептеу графигі арқылы жасалған әлемдік мәдениет өнері» плакаттық жобасын әзірледі және 2016 жылдың көктемгі семестрінде Нью-Йорк қалалық университетінің Манхэттен муниципалды колледжінде пилоттық есептеу курсы аясында қолданысқа енгізді. Бұл жоба техникалық мамандық студенттеріне Maple технологиясын қолдана отырып, осы жобаны аяқтаған кезде студенттердің графика саласындағы білімі, сондай-ақ олардың Maple техникалық дағдылары қалыптасты [3].

Т. Ю. Горская, И. И. Голованов, Р. С. Хаматова, А. Е. Поличка, Л. Н. Романченко зерттеулерінің өзектілігі инженерлік университетте математиканы оқыту студенттердің жалпы білім деңгейі мен жалпы мәдени дамуын, сонымен қатар кәсіби мәселелерді кейіннен шешу үшін арнайы пәндер бойынша білім беруді қамтамасыз ететіндігімен ерекшеленеді. Зерттеулер аталған жұмыс жобалық оқыту мен тақырыптық зерттеудің (project-case технологиясы) үйлесімін пайдалана отырып, инженерлік мамандықтарда математиканы жетілдіре оқыту процесін дамыту проблемасын шешуге бағытталған. Бұл практикалық - бағдарланған міндеттерді шешуді пайдалану есебінен құрылыс және инженерлік мамандықтар студенттерінің кәсіби құзыреттерін дамытуға ықпал ететіндігін айқындайды [4].

Жоғарыда келтірілген ғылыми еңбектерді талдай келе техникалық мамандықтарда математика пәнін оқыту әдістемесін заман талабына сай дамытып отыру қажеттігін түсінуге болады.

Жоғары техникалық оқу орындарына арналған математика саласындағы бірқатар оқулықтар мен зерттеулер жиынтығының мазмұнын талдау болашақ құрылыс маманы практикалық міндеттерінің математикалық мәнін сипаттайтын өте аз тапсырмалар бар екенін көрсетті. «Құрылыс» даярлық бағытында білім беру бағдарламаларына сәйкес бакалавр-құрылысшылардың негізгі қызметінің бірі әртүрлі инженерлік нысандарды жобалау болып табылады. Инженерлік объект (мысалы, ғимарат) тұтастай алғанда көптеген құрылымдық элементтерден тұратын күрделі жүйе болғандықтан, болашақ құрылысшылар элементтердің қажетті параметрлерін дұрыс және дәл таңдап қана қоймай, сонымен бірге олардың математика-механикалық сипаттамаларының өзгеру нәтижесін болжай білуі керек. Сондықтанда болашақ құрылыс мамандарының бойында жобалау іс-әрекеттерін қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Н. За›ба, З. Исмаил, А. Х. Абдулла өз еңбектерінде математикалық білім берудегі жобалау деп аталатын математика мұғалімдерінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру курсы аясында жүргізілген жұмыс процесін зерттейді. Әлемнің көптеген елдерінде оқытушыларды оқытудың тиісті моделіне ерекше назар аудармай, жобалық әдіс-тәсілдерді қолдануға үйретуге тырысады. Ғалымдар Geogebra, динамикалық көп мақсатты математикалық бағдарламалық қамтамасыз ету көмегімен оқытушы-студенттерді математиканы оқытуға дайындауда жобалық және мазмұнды білімдерді (TPACK) біріктіруге ерекше көңіл бөледі [5].

М. К. Хуснутдинованың өз еңбектерінде жобалау әдісін әр түрлі салалардағы білім мен дағдыларды интеграциялаудың әртүрлі құралдарын қолдана отырып, белгілі бір мәселені шешу үшін білімгерлердің өзіндік қызметін білдіретіндігін көрсетеді [6].

Шетелдік ғалымдардың оқу үдерісінде жобалау іс-әрекетінің мазмұнын анықтауға бағытталған зерттеулерінен «жобалау» дегеніміз – арнайы пәндік білім негізінде орындалатын бірнеше кезеңдерден тұратын болжамды нысанды құру бойынша іс-әрекеттердің мақсатты жүйесі деп, ал, «жобалау іс-әрекеті» дегеніміз – жобалаудың жекелеген кезеңдерін орындау жөніндегі іс-қимылдар жүйесі [7] болып табылатындығын тұжырымдауға болады.

Жобалық іс-әрекетті жүзеге асыру студенттердің жетістікке деген ынтасын дамытуға және қалыптастыруға, рефлексиялық іс-әрекет дағдыларын дамытуға ықпал ететіндігімен ерекшеленеді. Жобалық іс-әрекет студенттерге оқу үдерісіндегі өз іс-әрекеттерін бақылауға және бағалауға





мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, оқу процесінде дамытушылық оқыту әдістерінің бірі – бұл мәселені шешуді, ақпаратты жинау мен өңдеуді және соңында алынған нәтижелерді талдауды қамтитын жобалау әдісі болып табылады.

Заман талабына сай жаңа технологиялық әдістердің құрылыс саласында да маңызды орын алғандығын ескеріп, математика пәнін қандай мазмұнда оқытамыз және студенттердің жобалау іс-әрекеттерін қалай дамытамыз деген мәселе туындайды. Аталған мәселенің шешімін айқындау біздің зерттеуіміздің жетекші идеясы болып табылады. Математика пәнін оқытуда бакалавр-құрылысшыларда жобалау іс-әрекетін қалыптастыру әдістемесін жетілдіру арқылы болашақ мамандарды заман талабына сай даярлау зерттеуіміздің мақсаты болып табылады.

**Материалдар мен әдістер**

Зерттеудің әдіснамалық негізін шындықты танудың диалектикалық әдісі, оқытудағы сабақтастық пен кәсіптік бағдар қағидаттарының диалектикалық өзара байланысы негізінде педагогикалық құбылыстарды зерделеуге жүйелі – кешенді көзқарас, болашақ құрылыс маманының қалыптасуындағы қызметтің жетекші рөлі, олардың алған білімдерінің теория мен практикадағы бірлігі құрайды.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін жоғары мектеп дидактикасының негізгі мәселелері (Әбілқасымова А. Е. [8], Ильясова Р. А. [9]); жоғары мектепте математиканы кәсіби бағытталған оқыту тұжырымдамасы (В. В. Афанасьев [10]), математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі саласындағы ғалым-мамандардың еңбектері (И. Баврин [11]), математикалық білім беруді интеграциялау тұжырымдамасы, тұлғаға бағытталған оқыту теориясы және студенттердің математикалық және кәсіби мәдениетін қалыптастыру тұжырымдамасы (Н. Жау және Х. Чен [12]) құрады.

Қойылған міндеттерді шешу үшін мынадай зерттеу әдістері пайдаланылды: зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу және талдау; әртүрлі мамандықтар үшін математикадан, жалпы кәсіптік арнайы пәндерден мемлекеттік білім беру стандарттары мен білім беру бағдарламаларын талдау; техникалық мамандықтарда математикалық пәндерді оқыту тәжірибесін бақылау; оқытудың әдістемелік жүйесін модельдеу.

**Зерттеудің нәтижелері және талқылау**

«Құрылыс» даярлау бағытының студенттеріне жобалау іс-әрекетін қалыптастыру үшін оның мазмұнының объективті құрамын бөліп көрсету қажеттігі туындайды. Осы мақсатта нақты құрылыс объектілерін жобалау

бойынша қызмет түрлерін анықтау мақсатында жобалау ұйымдарының жоғары білікті мамандарымен өңгімелесу, құрылыс объектілерін дипломдық және курстық жобалауды орындау бойынша арнайы әдебиеттерді талдау, курстық және дипломдық жобалау басшыларының практикалық қызметін талдау сияқты жұмыстар жүргізілді.

Алынған нәтижелер құрылыс объектісін жобалауды құрайтын көптеген қызмет түрлерін бөлуге мүмкіндік берді:

– ғимараттың немесе құрылыстың тірек жүйесін таңдау;

– ғимараттар мен құрылыстарды жобалау үшін бастапқы деректерді жинау;

– ғимараттың, құрылыстың есептік схемаларын жасау;

– ғимаратқа немесе құрылысқа сейсмикалық, жел және қар жүктемесін айқындау;

– негіз топырақтарының есептік сипаттамаларын анықтау: тығыздығы, ылғалдылығы, ішкі үйкеліс бұрышы, серпімділік модулі, көлемдік салмағы;

– ғимараттың, құрылыстың темірбетон элементтерінің беріктігін есептеу;

– экономикалық есептеулермен конструкцияларды таңдауды негіздеу және т.б.

Болашақ құрылысшыларда жобалау іс-әрекеттерін қалыптастыру үшін, оларды орындау тәсілдері мен арнайы кезеңдерді анықтау керек. Психологтардың зерттеулеріне сәйкес бұл дағдыларды қалыптастыру жобалау іс-әрекетінің кезеңдерін орындаудың қарастырылған әдістерінің анықталуымен түсіндіріледі.

Жобалау іс-әрекетінің кезеңдерін орындаудың тәсілдері төмендегі 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1 – Жобалау іс-әрекетінің кезеңдерін орындаудың тәсілдері

| № | Математикалық білімді қолданумен орындалатын жобалау іс-әрекетінің кезеңдері | Жобалау іс-әрекетінің кезеңдерін орындаудың тәсілдері |
|---|---|---|
| 1 | Құрылыс объектісінің немесе оның жеке элементтерінің математика-механикалық сипаттамаларын есептеу | - нысанды немесе оның жеке элементін таңдап алу;<br>- жобалау объектісін немесе оның жеке элементінің графикалық моделін бейнелеу;<br>- алынған теңдеулер жүйесін шешіп, есептелген жүйені, қажетті математикалық шаманың мәнін табу;<br>- есептік мәнді жобалаудың техникалық шарттары мен нормаларына сәйкес мәндермен салыстыру;<br>- құрылымның материалы мен формасын таңдау. |
| 2 | Құрылыс конструкцияларының жылуфизикалық сипаттамаларын есептеу | - нысанды немесе оның жеке элементін таңдау;<br>- таңдалған объектінің немесе оның жеке элементінің нормативтік термофизикалық параметрлерді жазу;<br>- таңдалған нысанның сызбалық кескінін салу;<br>- алынған теңдеулер жүйесін шешіп, таңдалған объектінің немесе оның жеке элементінің термофизикалық параметрінің есептелген мәнін табу;<br>- алынған есептік мәннің жобалау нормаларына сәйкестігін тексеру. |
| 3 | Ғимараттар мен құрылыстардың жарық сипаттамаларын есептеу | - жобаланған нысанды таңдау;<br>- объектінің пайдалану сипаттамаларын белгілеу;<br>- объектінің қасиеттерінің нормативтік мәндерін жобалау нормаларына сәйкес орнату;<br>- жобаланған геометриялық параметрлерді пайдалану шарттарын ескере отырып көрсету;<br>- есептік мәнді пайдалану жағдайымен жобалау нормаларын салыстыру;<br>- қажет болған жағдайда есепке түзетулер енгізуу |





Математика сабақтарында студенттерді жобалау іс-әрекетінің кезеңдерін орындаудың жалпыланған тәсілдеріне оқыту әдістемесі төрт кезеңде жүзеге асырылады. Олар: мотивациялық, әдіснамалық, қалыптастырушы және проблемаларды өз бетінше шешу кезеңі болып табылады.

Мотивациялық кезең студенттердің құрылыс объектісін жобалау қызметіне деген қажеттілігін қалыптастыру үшін қажет. Осы мақсатта студенттерге нақты тапсырма ұсынылады, оның негізінде жобалау қызметінің нақты кезеңімен байланысты кәсіби жағдай сипатталады, оны шешу оларға қиындық тудырады.

Методологиялық кезең жобалау іс-әрекетінің нақты сатысында іс-қимыл жүйесін таңдап алудан тұрады. Таңдалған іс-қимыл жүйелері математиканың әртүрлі бөлімдерін білу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Қалыптастыру кезеңі математика курсының тиісті бөлімдерін зерделеу кезінде ұйымдастырылады және жүргізіледі. «Дискретті математика негіздері» бөлімін оқу кезінде әдіснамалық кезеңнен кейін студенттерді «құрылыс объектісінің немесе оның жеке элементтерінің механика-математикалық сипаттамаларын есептеу, графтар теориясының негізгі түсініктерін қалыптастыру» кезеңін орындаудың жалпыланған әдісіне сүйене отырып, нақты мәселелерді шешу бойынша іс-әрекеттерді жоспарлауға үйрету жүзеге асырылады.




Сурет 1 – Математиканы оқытуда жобалау іс-әрекетін қалыптастыру әдістемесінің моделі

Тапсырмаларды өзіндік шешу (төртінші кезең) - математика сабағында да, арнайы пәндерді оқу және дипломдық жобаларды әзірлеу шеңберінде курстық жобаларды орындау кезінде де жобалау қызметінің кез келген кезеңін орындауды қамтитын техникалық мазмұны бар математикалық міндеттерді толық дербес шешу болып табылады. Бұл әзірленген оқыту әдістемесін іске асырудың төртінші кезеңіне кіреді.

Математика пәнін оқу кезінде студенттердің жобалау іс-әрекетінің кезеңдерін орындаудың белгілі бір құрамын қалыптастыру үшін нақты құрылыс жағдайын сипаттайтын арнайы міндеттер жасалады, ал талаптар құрылыс объектісін жобалауға байланысты мақсатты көрсетіп отырады.





Осы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру математиканы оқытуда жобалау қызметін қалыптастыру әдістемесінің моделін жасауды қажет етеді (1-сурет).

Мақсаттық компонент әзірленген әдістеменің соңғы нәтижесін анықтайды. Бұл – математика пәнін оқу кезінде жобалау іс-әрекетінің кезеңдерін іске асыру тәсілдерін меңгерген және жалпы кәсіптік, арнайы пәндер циклінде оқу міндеттерін шеше алатын, біліктілік арттыруда оларды қолдануға қабілетті студенттердің көрсеткіші.

Мазмұндық компонент математикалық білімді қолданумен орындалатын жобалау қызметінің кезеңдерін (құрылыс объектісінің немесе оның жекелеген элементтерінің математика-механикалық сипаттамаларын есептеу; құрылыс объектісінің немесе оның жекелеген элементтерінің жылу-физикалық, ғимараттар мен құрылыстардың басқа да сипаттамаларына байланысты есептеулер жүргізу).

Іс-әрекеттік компонет математика пәнін оқу кезінде «Құрылыс» даярлау бағыты бакалаврларында жобалау іс-әрекетін қалыптастыру әдістемесін; міндеттер мен тапсырмалардан, техникалық мазмұны бар математикалық міндеттерден, оқу карталарынан, сондай-ақ сабақтар өткізудің нысандары мен әдістерінен тұратын дидактикалық құралдар кешенін білдіреді.

Құндылық-мағыналық компонент – бұл студенттердің жалпы кәсіби құзіреттіліктің компоненттерін қалыптастыру арқылы жобалық іс-әрекеттерді орындау тәсілдерін меңгерудегі матемака пәнінің маңыздылығын түсінуі. Құндылық-мағыналық компонент үшін студент нақты құрылымдарды есептеу кезінде құрылыс инженері ескеретін барлық математикалық құбылыстарды, әсерлерді көрсететін тапсырмаларды жасау қажет екендігін көрсетеді.

Әзірленген әдістеме моделінде студенттердің жобалау іс-әрекетінің кезеңдерін орындау тәсілдерінің қалыптасуын бағалау критерийлері мен құралдарын қамтитын бақылау компоненті бар. Осы критерийлер негізінде әдістемелік жүйе моделінің тиімділігін бағалау алдағы уақытта педагогикалық эксперименттерді ұйымдастыруды қажет етеді.

Біздің ұсынып отырған математика пәнін оқытуда жобалау іс-әрекетін қалыптастыру әдістемесінің моделін бізге дейінгі жасалынып тиімділігі дәлелденген бірнеше модельдермен салыстыруға болады. Х. Хоссейн-Моханд, Х. М. Трухильо-Торрес, М. Гомес-Гарсия, Х. Хоссейн-Моханд, А. Кампос-Сан еңбектерінде жобалар негізінде оқыту педагогикалық практика көрсеткішінің екі тармағымен теріс байланысты болатындығын көрсетті. Интернеттегі кеңістіктер арқылы ақпарат пен мазмұн алмасу, цифрлық технологиялар мен математиканы оқытуға арналған білім беру бағдарламаларына қатысты жобаларға қатысу және ынтымақтастық инверттелген оқыту моделі мен белсенді әдіснамаларды таңдауға айтарлықтай әсер ететіндігі дәлелденген [13].

С. Рикунның математиканы оқыту моделіндегі жетістігі 5е моделіне қарағанда жақсы екенін көрсетті. Алынған нәтижелер оқушылардың жобалау іс-әрекеттерін жақсарту үшін білім беру нейробиологиясының тәсілдеріне негізделген [14]. Алайда бұл ғылыми еңбектер техникалық салаларда, әсіресе құрылыста математиканың маңыздылығын ескермейді.

Демек, жоғарыдағы салыстырып отырған еңбектерді талдай келе, алдағы педагогикалық экспериментте төмендегідей міндеттерді қоюға болады:

– жобалау іс-әрекетінің қалыптасу динамикасын тексеру үшін критерийлер ретінде біз ұсынған модельдегі жалпы кәсіби құзыреттілік компоненттерін қолдану;

– кәсіби қызмет объектісінде болатын математикалық процестерді анықтау және оқу пәнінің мазмұнын жаңарту.

– әдістемелік модельдің тиімділігін бақылау және эксперименттік топтарда тексеруден өткізу, алынған нәтижелерді математикалық және статистикалық талдау.

**Қорытынды**

Зерттеу нәтижесінде «Құрылыс» даярлық бағыты бакалаврының кәсіби қызметінің негізгі түрі жобалау іс-әрекетінің болып табылатыны айқындалды. Құрылыс саласы мамандарының кәсіби қызметін, жобаларды және оларды орындау бойынша арнайы әдебиеттерді, жоба жетекшілерінің практикалық қызметін талдау негізінде құрылыс объектілерінің жобалау іс-әрекеттерінің кезеңдері анықталды. Олар жүзеге асырудың жалпыланған тәсілдері математикалық білімге негізделіп айқындалды. Математикалық білімді қолдана отырып орындалатын жобалау іс-әрекетін қалыптастыру әдістемесінің моделі жасалды. Математика пәнінің бөлімдері мен тақырыптары осы кезеңдерді жүзеге асырудың жалпыланған әдістерінің әрекеттерін қалыптастыру үшін қажет болып табылады.

Ұсынылған әдістеме студенттердің жобалау іс-әрекетін қалыптастырудағы математика пәнінің маңыздылығын түсінуден тұратын моделі құндылықты-мағыналық компонентті қалыптастыруға бағытталған.

Студенттерді математикалық білімді қолдана отырып, жобалау іс-әрекетінің кезеңдерін орындауға үйретудің әдістемесі мотивациялық, әдіснамалық, қалыптастырушы және міндеттерді өз бетінше шешу кезеңдері арқылы жетілдірілді.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына жолдауы.





Нұр-Сұлтан, 2022. [Электронды ресурс]. – Қатынау режимі: URL:https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555

2 **Rudyk, T. O., &Sulima, O. V.** The formation of mathematical competence of future bachelors in process of teaching mathematics in technical university [Text] // Pedagogical Sciences Reality and Perspectives. – 2021. – 2(80). – P. 119–123. – https://doi.org/10.31392/npu-nc.series5.2021.80.2.24.

3 **Wu, L., & Li, Y.** Incorporating a Maple Project of Multi-Cultures Art in College Mathematics Teaching [Text] // Journal of Education and Learning. – 2018. – 7(5). – P. 42. – https://doi.org/10.5539/jel.v7n5p42.

4 **Gorskaya, T. Y., Golovanova, I. I., Khammatova, R. S., Polichka, A. E., &Romanchenko, L. N.** Features of a Project-Case Technology in Teaching Students Further Mathematics [Text] // Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education. – 2020. – 16(11). – P. 1–13. https://doi.org/10.29333/ejmste/8562.

5 **Za'ba, N., Ismail, Z., & Abdullah, A. H.** Preparing student teachers to teach mathematics with GeoGebra [Text] // Universal Journal of Educational Research. – 2020. – 8(5A). – P.29–33. – https://doi.org/10.13189/ujer.2020.081904.

6 **Хуснетдинова, М. К.** Развитие проектных компетенций младших школьников [Текст] // М.К. Хуснетдинова // Начальная школа. – 2009. – № 1. – С. 69.

7 **Vossen, T. E., Henze, I., Rippe, R. C. A., Van Driel, J. H., & De Vries, M. J.** Attitudes of Secondary School STEM Teachers towards Supervising Research and Design Activities [Text] // Research in Science Education. – 2021. – 51. – P. 891–911. – https://doi.org/10.1007/s11165-019-9840-1

8 **Әбілқасымова А. Е., Тұяқов Е. А., Капарова Р. М., Дюсов М. С.** Математиканы оқыту әдістемесінен практикалық сабақтарда болашақ математика мұғалімдерінің әдістемелік дайындығын жетілдіру [Текст] // Вестник КазНПУ. Серия «Физико-математические науки». – Алматы, 2018. – № 3 (63). – С. 12–17.

9 **Ильясова Р. А., Бекболғанов Е. Ж.** Қазіргі матемиатикалық білім берудегі жаңашылдық – жаңа әдістемелік технология [Текст] // Вестник КазНПУ. Серия «Физико-математическиенауки». – Алматы, 2018. – № 3 (63). – С. 61–65.

10**Afanasyev V. V., Gracheva O. A., Rezakov R. G., Voropaev M. V.** Distance learning of students through informational and educational blogs [Text]. // Laplage em Revista. – 2021. – №7. – С. 233–248.

11 **Баврин, И. И.** Высшая математика : учеб. для студ. вузов, обуч. по естественнонауч. Спец И. И. Баврин [Текст]. – М. : Академия : Высш. шк. – 2000. – 611 с.

12 **Zhao, N., & Chen, X.** (2022). Exploring the integration of mathCAD-assisted mathematics experiments into higher mathematics teaching [Text] // Computer-Aided Design and Applications. – 19(S1). – P. 117–127. – https://doi.org/10.14733/CADAPS.2022. – P. 117–127.

13 **Hossein-Mohand, H., Trujillo-Torres, J. M., Gómez-García, M., Hossein-Mohand, H., & Campos-Soto, A.** Analysis of the use and integration of the flipped learning model, project-based learning, and gamification methodologies by secondary school mathematics teachers [Text] // Sustainability (Switzerland). – 2021. – 13(5). – P.1–18. – https://doi.org/10.3390/su13052606.

14 **Srikoon, S.** The Development of Teaching Model based-on Educational Neuroscience to Enhance Mathematics Achievement [Text] // In Journal of Physics: Conference Series. – 2021. – (Vol. 1835). – IOP Publishing Ltd. – https://doi.org/10.1088/1742-6596/1835/1/012040.

REFERENCES

1 Memleket basshysı Q.K.Toqaevtyn «Halıq birligi jane zhuyeli reformalar – el orkendeuinin berik negizi» atty Qazaqstan halqına joldauy [People's unity and systemic reforms are a solid foundation for the country's prosperity]. – Nur-Sultan, 2022. [Electronic resourse]. – Access mode:https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555

2 **Rudyk, T. O., &Sulima, O. V.** The formation of mathematical competence of future bachelors in process of teaching mathematics in technical university [Text]// Pedagogical Sciences Reality and Perspectives. – 2021. – 2(80). – P. 119–123. – https://doi.org/10.31392/npu-nc.series5.2021.80.2.24

3 **Wu, L., & Li, Y.** Incorporating a Maple Project of Multi-Cultures Art in College Mathematics Teaching [Text]// Journal of Education and Learning. – 2018. – 7(5). – P. 42. – https://doi.org/10.5539/jel.v7n5p42.

4 **Gorskaya, T. Y., Golovanova, I. I., Khammatova, R. S., Polichka, A. E., &Romanchenko, L. N.** Features of a Project-Case Technology in Teaching Students Further Mathematics [Text]// Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education. – 2020. – 16(11). – P. 1–13. – https://doi.org/10.29333/ejmste/8562.

5 **Za'ba, N., Ismail, Z., & Abdullah, A. H.** Preparing student teachers to teach mathematics with GeoGebra [Text]// Universal Journal of Educational Research. – 2020. – 8(5A). – P. 29–33. – https://doi.org/10.13189/ujer.2020.081904.

6 **Khusnetdinova, M. K.** Razvitiye proyektnykh kompetentsiy mladshikh shkol'nikov [Development of design competencies of younger students] [Text] // M.K. Khusnetdinova // Nachal'naya shkola, 2009. – № 1. – P. 69.





7 **Vossen, T. E., Henze, I., Rippe, R. C. A., Van Driel, J. H., & De Vries, M. J.** Attitudes of Secondary School STEM Teachers towards Supervising Research and Design Activities [Text] // Research in Science Education. – 2021. – 51. – P. 891–911. – https://doi.org/10.1007/s11165-019-9840-1

8 **Abilqasımova, A. E., Tuyaqov, E. A., Kaparova, R. M., Dyusov, M. S.** Matematikanı oqıtu adistemesinen praktikalıq sabaqtarda bolashaq matematika mugalimderinin adistemelik dayındıgın jetildiru [Improving the methodological training of future teachers of mathematics in practical lessons on the methods of teaching mathematics] [Text] //Vestnïk KazNPU. Seriya «Fiziko-matematicheskye nauki». – Almaty, 2018. – №3 (63). – P. 12–17.

9 **Ilyasova, R. A., Bekbolganov, E. J.** Qazirgi matemiatïkalıq bilim berudegi janashıldıq –jana adistemelik texnologïya [Innovation in modern mathematical education - a new methodological technology] [Text] //Vestnïk KazNPU. Seriya «Fiziko-matematicheskyenauki». – Almaty, 2018. – № 3 (63). – P. 61–65.

10 **Afanasyev, V. V., Gracheva, O. A., Rezakov, R. G., Voropaev, M. V.** Distance learning of students through informational and educational blogs [Text]. // Laplage em Revista. – 2021. – № 7. – P. 233–248.

11 **Bavrin, I. I.** Vysshaya matematika : ucheb. dlya stud. vuzov, obuch. po yestestvennonauch. Spets [textbook for stud. universities, education according to natural science. Specialist] I. I. Bavrin. [Text]. – M. : Akademiya : Vyssh. shk., 2000. – 611 p.

12 **Zhao, N., & Chen, X.** (2022). Exploring the integration of mathCAD-assisted mathematics experiments into higher mathematics teaching [Text] // Computer-Aided Design and Applications. – 19(S1). – P. 117–127. – https://doi.org/10.14733/CADAPS.2022. – P. 117–1277.

13 **Hossein-Mohand, H., Trujillo-Torres, J. M., Gómez-García, M., Hossein-Mohand, H., & Campos-Soto, A.** Analysis of the use and integration of the flipped learning model, project-based learning, and gamification methodologies by secondary school mathematics teachers [Text]// Sustainability (Switzerland). – 2021. – 13(5). – P. 1–18. – https://doi.org/10.3390/su13052606

14 **Srikoon, S.** The Development of Teaching Model based-on Educational Neuroscience to Enhance Mathematics Achievement [Text]// In Journal of Physics: Conference Series. – 2021. – Vol. 1835. – IOP Publishing Ltd. https://doi.org/10.1088/1742-6596/1835/1/012040

Материал 14.09.22 баспаға түсті.

**М. А. Абдуалиева[1], Э. М. Сапарбаева[2], Е. Ж. Торебек[3]*
[1,2,3]Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова,
Республика Казахстан, г. Шымкент.
Материал поступил в редакцию 14.09.22.

## МЕТОДИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ ОБУЧЕНИЯ МАТЕМАТИКЕ НА ОСНОВЕ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДЛЯ СТУДЕНТОВ НАПРАВЛЕНИЯ ПОДГОТОВКИ «СТРОИТЕЛЬСТВО»

*Развитие строительной отрасли в мировой практике требует применения новых строительных материалов и технологий, а также подготовки квалифицированных строительных инженеров. Поэтому подготовка таких специалистов в настоящее время является одной из приоритетных государственных задач. Одним из путей решения этих задач является применение теоретических и практических основ естественнонаучных дисциплин. В качестве одной из этих дисциплин математика включена в базовые дисциплины программы бакалавриата по направлению подготовки «Строительство». Актуальным вопросом на основе данной дисциплины является совершенствование подготовки будущих специалистов в области расчетно-проектной и технико-экономической деятельности. Проектирование любого строительного объекта представляет собой сложную многокомпонентную деятельность по созданию проектируемого объекта. На этапах проектирования – расчет значений прочности, деформаций и других механических свойств строительных материалов и грунтов, а также расчет характеристик различных видов строительных конструкций, определение и расчет нагрузок на объект строительства будет зависеть от математические знания. В данной статье рассмотрена методика формирования обобщенных методов выполнения этапов проектной деятельности при изучении математики по образовательной программе «Строительство». В ходе исследования были разработаны этапы проектной деятельности, выполняемой на основе знаний по математике. Разработана модель методики формирования проектной деятельности у бакалавров-строителей на уроках математики. Использование результатов исследования в процессе преподавания математики в инженерных областях является эффективным.*

*Ключевые слова: предмет математики, проектная деятельность, сфера строительства, формирование, модель.*





**M. A. Abdualiyeva[1], E. M. Saparbaeva[2], Y. Zh. Torebek[3]*
[1,2,3]M. Auezov South Kazakhstan University,
Republic of Kazakhstan, Shymkent.
Material received on 14.09.22.

## METHODICAL MODEL OF TEACHING MATHEMATICS BASED ON THE FORMATION OF PROJECT ACTIVITIES FOR STUDENTS OF THE DIRECTION OF TRAINING «CONSTRUCTION»

*The development of the construction industry in the world practice requires the use of new building materials and technologies, as well as the training of qualified construction engineers. Therefore, the training of such specialists is currently one of the priority state tasks. One of the ways to solve these problems is the application of theoretical and practical foundations of natural science disciplines. As one of these disciplines, mathematics is included in the basic disciplines of the bachelor's degree program in the field of training «Construction». An urgent issue on the basis of this discipline is to improve the training of future specialists in the field of design and technical and economic activities. The design of any building object is a complex multi-component activity to create a designed object. At the design stages - the calculation of strength values, deformations and other mechanical properties of building materials and soils, as well as the calculation of the characteristics of various types of building structures, the definition and calculation of loads on the construction object will depend on mathematical knowledge.This article discusses the methodology for the formation of generalized methods for performing the stages of project activity in the study of mathematics according to the educational program «Construction». In the course of the study, the stages of project activities carried out on the basis of knowledge in mathematics were developed. A model of the methodology for the formation of project activities for bachelor builders in mathematics lessons has been developed. The use of research results in the process of teaching mathematics in engineering fields is effective.*

*Keywords: subject of mathematics, project activity, construction sphere, formation, model.*

FTAMP 34.01.45

https://doi.org/10.48081/DSOS8964

***К. Б. Ажмолдаева[1], С. Ж. Ибадуллаева[2],***
****А. Б. Карабалаева[3], А. Т. Абенова[4], Г. С. Балгабаева[5]***
[1,2,3]Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,
Республикасы, Қызылорда қ.
[4,5]Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

# *БИОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ӨЛКЕЛІК КОМПОНЕНТТІ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ*

*Білім беруді модернизациялаудағы өткір мәселе педагог кадрларды даярлау жүйесіндегі өзгерістер болып табылады, оның ішіндегі маңызды аспектілерінің бірі болашақ мамандарды әдістемелік тұрғыдан даярлауды жетілдіру болып табылады. Білім алушы оқу үрдісіндегі басты субъект болғандықтан назардың барлығы оның тұлға ретінде қалыптасып, дамуына аударылады. Осы тұрғыдан алғанда білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жалпы білім берудің басым бағыттарын, яғни оқушы мен мұғалімнің өзара ынтымақтастығы үлгісін оқу үрдісінде қалыптастыру, оның оқыту әдістерінің үйлесімділігі негізінде жүзеге асырылуын анықтап беріп отыр. Бұл басым бағыттар мектепте жаратылыстану пәндері бойынша экологиялық білім беруді жетілдіруге негіз болады.*

*Педагогикалық процесте биолог студенттерді әдістемелік даярлау жүйесі өлкелік компоненттің оқытылуына назар аударады. Осы тоңіректе қазіргі кезде білім беру жүйесінде табиғат заңдылықтары мен қоғам заңдары туралы білім беру жеткілікті түрде байқаудан өткізілген, ал табиғат пен қоғамның өзара байланысы және олардың бір-бірімен үйлесімділік заңдылықтары туралы білім беру әлі де болса жете зерттелмегендігін көрсетіп отыр. Өйткені бүгінгі күнгі табиғат туралы білімді талдауға негізделген экологиялық білім беру халықтың көзқарасын табиғаттың бүлінушілік тенденцияға қарай кетіп бара жатқандығын түсіндіруге жеткіліксіз болды. Бұл экологиялық білім мен тәрбие берудің философиясы мен әдіснамасын дүние және ондағы адамның орны туралы жаңа, біртұтас түсінікке негіздеп қайта құруды қажет етіп отыр. Мақалада Қызылорда өлкесіндегі лалагүлділер тұқымдасына жататын өсімдіктердің таралуы бойынша білім алушыларға сауалнама жүргізіліп, лалагүлділер тұқымдастарының табиғаттағы, әсіресе, адам өміріндегі практикалық маңыздылығы туралы сауалнама жүргізіліп, өлкелік компонент туралы білім деңгейі анықталды. Білім алушылардың жауаптары 4 деңгейлік шкала бойынша бағаланды. Сонымен қатар, лалагүл тұқымдасының өсімдіктерінің практикалық маңызы туралы өлкетану туралы білімі қалыптасқандығы туралы ақпарат келтірілген. Әр мектепте модуль блоктарының белгілі бір саны оқылғаннан кейін, жүргізілген тестілеу бойынша мәлімет талданған. Білім алушылардың жаңа оқыту технологиясы ретінде модульдік білімге деген көзқарасын анықталған.*

*Мұндай білім беру оқушыларға адам, қоғам және табиғаттың өзара әсерінің негізгі ұстанымдары мен заңдылықтары туралы білімді кеңейтіп беруді талап етеді.*

*Кілтті сөздер: өлкетану, өлкелік компонент, тұлға, субъект, туған өлке, мектеп, лалагүл, тұқымдас.*

**Кіріспе**

Педагогикалық ЖОО-да биолог студенттерді әдістемелік даярлау жүйесі кәсіптік даярлаудың тұтас жүйесінің ішкі жүйесі ретінде қарастырылады және биология мұғалімдерін оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарына бағынатын өзара байланысты құрылымдық және функционалдық компоненттерді қамтиды.

Мұғалімнің кәсіби стандарты қазіргі мұғалімді ҚР мемлекеттік білім беру стандарттары мен негізгі жалпы білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес және ең бастысы – зерттелетін ғылымның әлемдік мәдениеттегі орнын ескере отырып, пәнді оқыту үрдісін ұйымдастыруға бағыттайды. Биологияны оқытудағы білім беру іс-әрекетінің табиғат пен мәдениеттің құндылықтарымен байланысы, студенттердің биологиялық заңдылықтарды білуіне және оларға жеке мағына беруге жағдай жасау бұл биология мұғалімінің іс-әрекеті, ол өзінің субъективті ұстанымының белсенділігін оқушының субъективті қасиеттерін дамыту жағдайында көрсете білу керек.

Болашақ биолог мұғалімдерді кәсіби даярлау жүйесін жаңғырту мәселелеріне отандық ғалымдар: Ж. Шілдебаев, К. Д. Каймулдинова, Қ. Аймағамбетова, Қ. Жүнісова, Қ. Жұмағұлова өз үлесін қосты [1–6].

Ал, ресейлік ғалымдардың ішінде А. В. Дарьинский, Н. Д. Андреева, М. А. Якунчев, В. П. Соломин, В. В. Пасечник және т.б. ғалымдардың зерттеулері экологияландыру, интеграция, ақпараттандыру, стандарттау тенденциялары арнасында әдістемелік дайындықты жаңғырту мақсатында жүргізілді [7-10].

Тәуелсіз еліміздің әрбір оқушы және студент жастарын отансүйгіштікке тәрбиелеудің сан алуан жолдары бар. Солардың бірі – биологиялық өлкетану жұмыстарын пайдалану арқылы тәрбиелеу екендігі белгілі.

Биологиялық өлкетану – туған өлкенің тірі табиғатын зерттейтін пән. Биологиялық өлкетану келесі міндеттерді қамтиды:

– жануарлар мен өсімдіктер тірішілігіндегі маусымдық құбылыстарды жүйелі түрде бақылау;

– зерттелетін аумақ бойынша жануарлар мен өсімдіктердің таралу заңдылықтарын анықтау;

– туған өлкенің жануарлары мен өсімдіктер дүниесінің биоәртүрлілігімен танысу, табиғи құбылыстарға фенологиялық бақылау жүргізуге және олардың жануарлар мен өсімдіктер әлеміне әсерін анықтауға үйрету;

– табиғи қауымдастықтарды зерттеу және оларды қорғау, экологиялық дүниетанымды қалыптастыру болып табылады [11].

Осы төңіректе біздің зерттеуімізде Қызылорда облысы бірнеше мектептерінің 7-9 сынып білім алушыларының өлкетану материалын білу деңгейін арттыруға: оқу модулінің арнайы әзірленген блоктарынан тұратын мақсатты өлкетану мазмұнымен толықтырылған жеке сабақтарды жүргізу, оны оқу үрдісіне енгізу есебінен қол жеткізу міндеті қойылды.

Ең алдымен, 7-9 сынып білім алушыларының өлкетану білімі деңгейінің өзгеруін, атап айтқанда, Арал маңындағы белгілі бір туысқа жататын өсімдіктердің түрлерін атау қабілетін анықтауға тырыстық. Бұны таңдаудың себебі, ең алдымен, анықтаушы тәжірибенің нәтижелері бойынша білім алушылардың өсімдіктердің тұқымдасы туралы өлкетану білімінің өте төмен деңгейін көрсетіні себеп болды.

**Материал мен әдістер**

Зерттеу тақырыбы бойынша педагогикалық, философиялық, жаратылыстану ғылымдары бойынша әдебиеттерге анализ жасалынды. Сонымен қатар, зерттеу мәселелері бойынша сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың сұрағы жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылардың өсімдіктерге деген жалпы көзқарасын анықтау міндетін қойды.

Диагностикалық сауалнамада келесі сұрақтар болды:

1 Сізге биология пәні ұнай ма? Таңдалған жауап асты сызылады. (Иә. Жоқ. Жауап беруге қиналамын).





2 Сізге қоршаған табиғатта ең көп ұнайтын өсімдік?

3 Сен өз өлкеңнің өсімдіктерін жақсы білесің бе? (Иә. Жоқ. Жауап беруге қиналамын).

4 Сізге басқа өлкеден досың келді. Ол Арал өңіріндегі өсімдіктерді сұрай бастайды, сен сол өсімдіктерді көрсете аласың ба?

5 Арал өлкесінің қандай өсімдіктері Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген?

6 Сіз айналамызда өсетін әртүрлі өсімдіктерді зерттейтін үйірмеге барғыңыз келе ме? (Иә. Жоқ. Жауап беруге қиналамын).

Сауалнаманың бірінші сұрағы жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылардың өсімдіктерге деген жалпы көзқарасын анықтау міндетін қойды. Таңдау үшін жауап берілді – білімалушылар оң немесе теріс жауап беруі керек еді. Алайда, біз олардан нақты жауап алу үшін «жауап беруге қианаламын» жауабын қалдырдық. Тәжірибе соңында келесі 4 сұрақтан тұратын тест жүргізілді.

**Нәтижелер және талқылау**

Зерттеу жұмыстары барысында Қызылорда облысы жалпы білім беретін мектептердің 8 сынып білім алушыларының жауаптарын талдай келе, біз төмендегі келтірілген нәтижелерді алдық.




Сурет 1 – Білім алушылардың «Бұршақ тұқымдастар» бойынша білім деңгейлері

Диаграмманы талдай отырып, біз тәжірибелік және бақылау сыныптарындағы білім алушылардың өлкетану бойынша білім деңгейлерінде

айтарлықтай ерекшелік бар екендігін байқадық. Сонымен, барлық 3 мектептің тәжірибелік сыныптарында III деңгейдегі жауаптардың ең көп саны байқалады, яғни білім алушылар Қызылорда өлкесіндегі бұршақ тұқымдасқа жататын өсімдіктердің 4 түріне дейін атай алды (84 %; 75 %). Сол сыныптарда жүргізілген әртүрлі жұмыстар нәтижесінде (6 %; 15 %), онда білім алушылар 5, 6 және одан да көп түрді атады (IV деңгей). Аймақта тек 6–7 түрі өседі, сондықтан, олар негізінен оқу модулінде де бақылау сыныптарында оқушылардың назары сол өсімдіктерге аударылды.

Аймаққа тән өсімдік тұқымдастарына зерттеу дәстүрлі әдістеме бойынша жүргізілген бақылау сыныптарында ең толық жауап берген білім алушының жауабы II деңгейге жетті, яғни осы үш сынып оқушыларының көпшілігі (57 %; 91 %) бұршақ тұқымдастардың 2-ден астам өкілін атады. III және IV деңгейлердегі жауаптардың саны күрт төмендегенін байқауға болады. Бұл әсіресе тәжірибелік және бақылау сыныптарындағы II және IV деңгейлердегі өзгешеліктер диаграммада айқын көрінеді.

Зерттеу жұмысында жүргізілген екінші тапсырмада қызығушылық тудырды, онда білім алушылар лала тұқымдастардың табиғаттағы, әсіресе адам өміріндегі практикалық маңыздылығын көрсетті. Берілген сауалнамаларды талдау кезінде біз, білім алушылардың жауаптарын 4 деңгейлік шкала бойынша бағаладық.

Жауаптың келесі стандарты анықталды: «Лалагүлдер сәндік» (гүлді) үшін, адам өмірінде дәрілік және тағамдық өсімдік ретінде кеңінен қолданылады, өкінішке орай, олар табиғатта сирек кездеседі және жоғалып кету де қаупі бар.

Осылайша, білім алушылар өз жауаптарында Қызылорда өңірінде өсетін лалагүлдерінің 4 негізгі сипаттамасын бөліп көрсету талап етілді: 1) сәндік (немесе гүлдік); 2) дәрілік; 3) тағамдық (немесе жеуге жарамды); 4) сирек (немесе жоғалып кету қаупі бар). Тиісінше, білім деңгейі осы сипаттамалардың санына байланысты анықталды. Сандық талдау нәтижелері диаграммада көрсетілген.








Сурет 2 – Лалагүлділер тұқымдасының практикалық қолданылуы туралы білім деңгейлері

*professional stress among higher school teachers. The main factors causing professional burnout among Higher school teachers are considered. The gender characteristics of university teachers are analyzed. The features of the impact of the pandemic on the emerging professional stress among teachers are described. The factors leading to T. V. Formanyuk's emotional burnout are presented. The features of the types of Conro reaction to stress are analyzed and described. The characteristics of people vulnerable to emotional stress are presented. The complex organized aspects of the activities of Higher School teachers are described. The theory of the balance setting in the work of a higher school teacher Z. Yesareva is analyzed. The results of a study conducted at the E. A. Buketov Karaganda University are presented. The results of V. V. Boyko's methodology «Assessment of the level of professional burnout» are analyzed and presented in the form of a diagram. The results are analyzed and presented according to the scales: «Experiencing traumatic situations», «dissatisfaction with oneself», «anxiety and depression», «pressure», «inadequate selective emotional reaction», emotional and spiritual disorientation», «expansion of the zone of saving emotions», «reduction of professional responsibilities», «Resistance». Comparative results on the scales «emotional deficit», «emotional detachment», «personal detachment», «psychosomatic and psychovegetative disorders», «exhaustion» are described.*

*Keywords: professional burnout, professional stress, emotion, teachers, depression, resistance.*





ИСТОРИЯ ПЕДАГОГИКИ, ЭТНОПЕДАГОГИКА И СРАВНИТЕЛЬНАЯ ПЕДАГОГИКА

ҒТАМР 14.09.95

https://doi.org/10.48081/NUPK8989

***Л. М. Умралиева[1], М. Ж. Тәңірбергенов[2], Ә. Қ. Сабырова[3], С. А. Фейзулдаева[4], Р. Х. Кошкимбаева[5]***

[1,2]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.;
[3,4]Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.;
[5]Павлодар педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

## *Б. СИМОВАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛІ ӨНЕРГЕ БАУЛУ*

*Бұл мақалада қазақ халқының көне дәуірден өшпес мұрасы болып келген, ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден балаға мұра болған, көшпенді елімізді әлемге ұлттық ерекшелімен танытқан өнер – қол өнері қарастырылған. Ұлттық дәстүрлі өнер болашақ педагогтарға маман ретінде жоғары кәсіби бағыттылыққа, жоғары деңгейдегі рухани және этнопедагогикалық мәдениеттілікке, қолданбалы өнердің халықтың өміріндегі ролі туралы түсініктерді қалыптастыру. Ата-бабаларымыздың, әжелеріміздің қалдырған мұрасын жеткізуші шебері Бибіажар Симованың жүнді көркем өңдеу шығармашылығының бірқатар дәстүрлі қырлары ашып көрсетілген. Жүннен картина жасау шығармашылығы бойынша екі жақтама жүн, жүнді өңдеп тоқу фактурасын композиция үшін пайдалану әдістері ашып көрсетілген. Картина бетіндегі бейнелерді шынайы өмірдегі көрініс бейне формасына ұқсастырып композиция құрау жолдары қарастырылған. Жүннің ұзындығына, толқынды бағыттарына, түстерінің сипатына қарай, композиция құрамдау жолдары анықталған. Тері бетіндегі туылғаннан жаратылған табиғи бейне пішіндері көріністерінің өмірдегі форма көріністерімен*

*ұқсастықтарын ұтымды пайдаланып туынды идеясын ашқан. Теріден жасалған паннолардың көркемдік ерекшеліктеріне концептуалдық, нарратологиялық талдаулар жасалған. Бұл іс-әрекеттер суретші-шебер шығармашылығының жоғары деңгейін көрсететін өлшем – заманауи технологиялық жаңашылдық пен ұлттық мәдениет құндылықтары арқылы рухани жаңғыру идеясының бірлігін көрсетеді.*

*Кілтті сөздер: ұлттық мұра, дәстүрлі өнер, тоқыма өнері, сәндік қол өнері, фактура, түс, ою-өрнектер, сәндік безендіру.*

**Кіріспе**

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, жөндеуіміз керек» деп бағытымызды айқындап берген болатын. Мәдениетімізде, ата тарихымызда қазақ бейнелеу өнеріндегі шығармашылық туындыларда дәстүрімізді, мәдениетімізді, ұлттық мұраларымызды дәріптейтін бағыттары көп емес пе?! [1].

Ұлттық дәстүрлі қол өнерінің дамуының бір қыры бейнелеудің жаңа технологияларының пайда болуымен байланысты. Сәндік қол өнеріне бір жаңа технология келіп жатса, мұның алдындағы өнерге келген технологиялар дәстүрге айнала береді. Сәндік қол өнерінде дәстүр мен жаңашылдық бірін-бірі қайталап келіп жатады. Шығармашылық қызмет – бейнелеу нәтижесінде жаңашылдық элементтердің міндетті түрде болуымен сипатталатын өнердегі құбылыс [2].

Бибіажар Симованың шығармашылығы өзіндік жаңа сипатымен танылатын өлшем бейнелеудегі жүнді көркем өңдеу, қазіргі кезде суреткер шығармаларының даралығы, тұтастығын бөліп-бөліп қарастырып, тоқу арқылы туындыны станоктық картина деңгейіне көтеру іс-әрекеті, өнер нысаны ретінде зерттелген емес. Бибіажар Симованың шығармашылығындағы басты ерекшелік – суреткердің үнемі белсенді ұлттық нақыштағы ізденісімен сипатталады. Олар дәстүрлі қол өнерінде жаңа шығармашылық технология табуға ұмтылыс, көркем образ сомдауда материал фактурасын композиция ұтымдылығымен біріктіру, клем түстерінің қасиеттерін композиция құрамымен ұштастыру арқылы жүзеге асырылады [3].

Суретші Б. Симова гобелен шығармашылығымен Ұлы дала еліне танымал болғанмен, жүнді көркем өңдеу арқылы оны станоктық картина деңгейіне дейін көтеру еңбегін көпшілік қауым қазіргі кездегі жаңашылдық ретінде біле бермейді. Бұл жағдай автор шығармашылығындағы жүнді көркем өңдеу, композиция мүмкіндіктерімен идеяны ашу, түстік шешім





табу қызметтерін көркем шығарма жасау кезеңдерін зерттеу пәні ретінде қарау қажеттігін көрсетті [4].

Қазақ халқының көне дәуірден өшпес мұрасы болып келген, ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден балаға мұра болған, көшпенді елімізді әлемге ұлттық ерекшелімен танытқан өнер – қол өнері.

Халықтық тұрмыс салтымызбен тығыз байланысты және материалдық мүліктерімізбен қатарласып келе жатқан өнер. Қол өнерінің орны биіктен көрінеді, әлеуметтік сана-сезімінің болмыс тіршілігінің жанданып, мәдениетінің өсіп, тұрмыс жағдайларының жақсаруына әсерін тигізеді [5].

**Материалдар мен әдістер**

Зерттеу мәселесі бойынша философиялық, өнертану, психологиялық, педагогикалық, технологиялық әдебиеттерге теориялық талдау жасалды. Педагогтардың озық тәжірибелеріне талдау, бақылау, сауалнама жүргізу, әңгімелесу; педагогикалық эксперимент, мәліметтерді математикалық тұрғыдан өңдеу жүргізілді.

Б. Симованың шығармашылығы арқылы болашақ педагогтерді ұлттық дәстүрлі өнерге баулу арқылы ұлттық өнер құндылықтарын толыққанды етіп білімгерлерге таныстыруға мүмкіндік беретін педагогикалық іс-әрекет – ол оқыту мен технология әдісі. Бұл әдіс – ұлттық құндылықтар дәстүрлі өнер болып табылатын құнды тарихи жәдігерлеріміз, ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде берілген қолөнерлердің жасалу әдіс тәсілдерін көрсетуге болатын мүмкіндік қалыптастыру. Зерттеу әдісі барысында 6В01404 – Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау мамандығының білімгерлеріне бақылау, сауалнама, әңгімелесу әдістері жүргізілді. Нақтылай келе, сабақ барысында жүргізілген сауалнама оң нәтиже көрсетті, себебі зерттеу барысында білімгерлерді ұлттық дәстүрлі өнер, салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, көне тарихи ескерткіштер тақырыптарында лекция, семинар сабақтары өткізілді.

Қазақ қол өнерін басқа елдерге таныта білген және қол өнерін жоғары бағалап, талдаулар жасаған этнограф, тарихшы, өнертанушы ғалымдарымыз Ш. Уалиханов, Ә. Марғұлан, Х. Арғымбаев, С. Қасиманов, М. Мұханов, Ө. Жәнібеков, Т. К. Бәсеновтерді айтуға болады. Сонымен қатар, қазақ халқының қол өнерін дамытып, оны әлемдік деңгейге шығарып, өшпес мұра етіп қалдырған шеберлер: Зайсан жағасы, шығыс қазақстандық ертұрман шебері Н. Карибаев, жетісулық ұста, зергер Ж. Тараубайұлы, Ертіс өңірі, Баянауыл, Қарқаралы зергері Қ. Байпақұлы, Ә. Есалин, М. Байжанов, Қ. Байжанов, Жезқазған, Ұлытаулық танымал зергер Д. Садықов, Б. Алтаяқов, Торғайлық ұста Ж. Жұмабаев, Семей өңірінен әйгілі күйші, ерші атанған Ә. Жақыпұлын айтуға болады [7].

Кеңес өкіметінің ықпалына қарамай, өнерді дамытып, іскерлігімен дәріптеп келе жатқан бүгінгі жастардың ұстазы Д. Шоқпарұлы.

Ал қазіргі таңда апалардан сабақтастық алған дәстүрді жалғастырушы кілем тоқымашы С. Бапанова, қолөнер шебері Б. Симова, текемет басу жаңа технологиясымен шығармашылық жұмыс істем жүрген қол өнер шеберлері Г. Жолдасбекова, М., К. Бейісбекова т.б [5].

Халықтың дәстүрін, байлығын сақтап, қазіргі жастарға жеткізу, олардың бойына мәдениетн сіңіру басты міндетіміздің бірі. Бұл орайда, халықтың тарихын, ұлттық өнерін, мәдениетін, тілін, дастанын, оқып білу қажет [6].

Суретші Бибіажар Симованың соңғы кездегі шығармашылығына тән жаңашылдық – малдың жүнін өнер материалы ретінде, бейнелеу мүмкіндігі ретінде қолдану. Суретшінің жиі қолданатын материалы – қойдың жүні. Түктердің өсімділігі, ұзындығы мен қысқалығы дәстүрлі композицияны құрамдайтын сызықтар мен формалардың рөлін атқаруымен ерекшеленеді. Композициясы сәндік өнерге тән болмысымен, симметриялық құрылымдауға жақындығымен байқалады.

Суретші композиция пішіндерін шығарма идеясына сай ұйымдастырады. Жүннің табиғи түсі мен сызықтарының бағыттары мен жіңішке, жуандығы табиғаттағы формалармен сәйкес келуін, ұтымды пайдаланады. Суретші туындысын жарыққа шығарудағы ең көп қолданатын әрекет – сәндік безендіру әдісі. Шығармаларда зат пен құбылыстарды жинақтау, форма бөлшектерін теңеу, ойды пішіндермен символдау, өрнектерді стилдеу әдістері кең көлемде көрініс табады. Суретші картиналарына тән кіші сценалар: дала табиғаты, ел тарихы, адамның жан дүниесі. Ұлы дала шебері көркемдік бейнелеу дәстүрін визуальдық өнер технологиясымен, заманауи талғаммен талаптармен ұштастырады. Суретші өз шығармашылығында теріні көркем өңдеу өнерін жаңа тәсілдермен дамытып, жаңа композициялық колориттік шешімдермен үнемі толықтырады [10].

Суретші шығармашылығындағы басты бағыт – туынды идеясын ашу барысында жүн материалының табиғи фактурасын барынша ұтымды пайдалану. Суретшінің тақырып таңдаудағы ұстанымдары – бабалар дәстүрі, ұлы дала, табиғат құбылыстары, адамдардың жан дүниесі, бейнелеудің ақпараттық қызметтік сипаты. Суретшінің ең маңызды ұстанымы – көрерменге өзінің жасаған көркем бейнелері арқылы жаңа ақпарат жеткізу, бейнелер арқылы танымдық тәрбиелік ықпал ету. Әрбір образдың мәнін фон мен фигура арқылы күшейту, идеялық ой салмағын түстер үйлесімділігі арқылы арттыру [8].

Шебер Бибіажар Симова жүнді көркем өңдеп, станоктық панно жасау технологиясын көрсететін екі өлшем ұстаным ретінде қолданыс тауып





отырады. Бірінші өлшем – суретшінің жүнді көркем өңдеу технологиясы ішіндегі дара ерекшелігімен көрінетіні – екі жақтама текемет. Өзінің аты айтып тұрғандай екі жағынан көруге болатын туынды. Шебердің шығармашылығындағы екінші өлшем – жүннің фактурасын көркемдік элемент ретінде қолдану. Жүннің фактурасы – текемет бетінің тегістігі мен олардың бейнелеушілік мүмкіндіктері. Жүннің қасиеті – өңделуі нәтижесінде көрінеді. Жүннің өңделгеннен кейінгі нәтижелері: түсі, жұмсақтығы, бетіндегі өрнектері, бейнелері, сызықтары, дақтары, жалпы безендірілуі формаларының композиция заңдылығына сай қолданылуы болып сипатталады. Суретшінің жүнді көркем өңдеу шеберлігінің бір өлшемі жүнді табиғи қасиеттерін композиция құрастыру үдерісінде ұтымды пайдаланғанынан көруге болады. Суретші шеберлігінің бір қыры – текемет бетіндегі әрбір сызықты, пішінді, бояу түсін, шығарма композициясына сай көркемдік өңдеуден өткізіп, сол көркемдік элементтерді шығарма идеясына бағындыруы. Суретшінің текемет бетіндегі табиғи жаратылыс бейнелеріне, пішіндер сипатына қарап композиция құрамдауы, суретшінің қиялының ғажайыптылығы мен ұшқырлығын көрсетеді [10].

**Нәтижелер және талқылау**

Бұл бөлімде сұхбаттың жартылай құрылымдық түріндегі сұрақтар туралы ақпарат берілген. 1-кестеде зерттеуге қатысқан білімгерлердің жалпы қолөнерге қызығушылығы (жынысы және білімділігі) көрсетілген.

Кесте 1 – Білім алушылардың жынысы мен Ұлттық дәстүрлі өнер қызығушылығы бойынша бөлу

| Білімгерлердің жас аралықтары | Жынысы | | Жалпы жиыны |
|---|---|---|---|
| | (Қыздар) | (Ұлдар) | |
| 16-17 жас | - | 1 | 1 |
| 19-20 жас | 3 | 6 | 9 |
| 21-22 жас | 9 | 4 | 13 |
| 16 жас және одан жоғары | 2 | - | 2 |
| Барлығы | 14 | 11 | 25 |

1-кестеде зерттеу барысында зерттеуге өз еркімен қатысқан 25 білімгердің 14-і қыздар, ал 11-і ұлдар екендігі анықталды. Зерттеуге қатысқан білімгерлердің басым көпшілігі студенттер.

Кесте 2 – білімгерлердің қолөнерді қабылдауы туралы мәліметтер

| Сұрақтар | ия | | жоқ | |
|---|---|---|---|---|
| 1. Көркем шығармашылықты қалай түсінесіз? | 2 | 8 | 23 | 76 |
| 2. Ұлттық дәстүрлі өнер түрлері? | 6 | 24 | 19 | 88 |
| 3. Ұлттық құндылықтардың түрлері қандай? | 25 | 00 | - | - |
| | 3 | 12 | 22 | 99 |

Эксперименттік оқыту нәтижелері: Ұлттық дәстүрлі өнерге деген білімгердің оң көзқарасының болуымен, білімгерлердің көркемдік шығарманы талдау мен жіктеу білімдерін меңгергендігімен; мәдени құндылықтарды ұлттық тәрбие үшін қолдану дағдыларының болуымен сипатталады [5].

Зерттеудің соңғы кезеңінде ұлттық дәстүрлі өнерге деген білімгердің оң көзқарасының болуымен, білімгерлердің көркемдік шығарманы талдау мен жіктеу білімдерін меңгергендігімен; мәдени құндылықтарды ұлттық тәрбие үшін қолдану дағдыларының қалыптасуын білу мақсатында білімгерлерге: көркем шығармашылықты қалай түсінеміз? Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Ұлттық дәстүрлі өнер түрлері? Көркемдік шығармашылық нысанын талдау өлшемдері қандай? деген сұрақтар берілді. Сұрақ-жауап бойынша талдау нәтижесінде бірқатар оң өзгерістер орын алды: Көркем шығармашылық дегенді қалай түсінесіз? Ұлттық құндылықтарды қалай түсінесін? Ұлттық құндылықтардың түрлері қандай? – деген сұраққа дұрыс жауап бергендер саны сұралғандардың ішінен 76 %-ы көркем шығармашылық туралы түсініктерін айтты. Білімгерлердің 88 %-ы ұлттық дәстүрлі өнер түрлеріне қызығушылықтарын білдіретінін айтты. Барлық білімгерлер сәндік қолөнер сабақтарында ұлттық құндылықтардың түрлерін, бағыттарын үйренуге ниет білдірді. Сонымен қатар, білімгерлердің 99 %-ы ұлттық дәстүрлі өнерге деген білімдерін жеткіліксіз деп санайтындықтарын айтты. Нәтижелер бағаланған кезде қолөнер бұйымдарын қолдануға ниетті екендігі байқалды [6].

Атап айтқанда кілем тоқу өнеріндегі композициясының негізгі және қосалқы элементтерінің ұлттық нақыштағы ою-өрнекті елестететін пішіндер жиынтығына құрылуы, форма мен композицияның станоктық сипатына басымдық берілуі – туындының ою-өрнектілік безендірушілік сипатын күшейткен. Жүннен жасалған клем панноларындағы пішіндердің конструкциясы, түстік шешімдер, фон мен фигура қатынастарын бейнелеу үдерісіндегі безендіру элементтерінің тартымдылығы, формалардың ықшамдалып берілуі, өрнектермен сипатталуы – суретшінің сәндік бейнелеу стиліне басымдық бергенін аңғартады.





Қол өнері шебері Бибіажар Симованың соңғы кездегі шығармаларының барлығы дерлік – жүнді өңдеп тоқылған паннолар жүйесін құрайды.

Шебердің тоқу технологиясымен орындалған жұмыстары – пластикалық-реңктік шешімдердің суырыпсалмалыққа негізделген, композицияның ішкі ойына, сезімге, эмоциялық күйге, автор талғауына бағытталған үлкен өрнектану деңгейінде қолданыс тапқан. Табиғаттағы көріністер формаларының көру арқылы қабылданатын конструкциясы ою-өрнектермен сипатталған. Картинадағы өрнектанушылық барлық композицияның сәндік негізі, жұмыстың пластикалық концепциясы, эстетикалық-көркемдік құндылықтық бір тұтастыққа жинақталып қол өнер шебері Б. Симова шығармаларының көркемдік мазмұны болып анықталады [9].

Суретші Бибіажар Симованың жүнді көркем өңдеу шығармашылығы жайлы бірқатар өнер адамдары бағалы пікірлер айтқан. Кезінде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін қалаушы Ғани Ильяев ауылдағы қолөнершілердің жасаған бұйымдарымен таныса келе, Бибіажар апаның үйіне келіп, ішіндегі қолөнері бұйымдарына таңдана келе, апасымен қызына үлкен алғысын білдіріп, іздегенім алдымнан шықты деп, бұл бұйымдарда нағыз қазақ халқының ұлтық өнерін, салт-дәстүрін, әдеп-ғұрпып, көріп тұрғанын айтып Бибіажардың бойына біткен өнерді жалғастыруға ұсыныс жасаған.

Бойындағы өнерімен тамсандырып келген Бибіажар Симова жоғарғы оқу онына барғанша 26-түкті кілем тоқыған. Ине қол өнердің түрлерімен ғана айналыспай, киім де тігумен айналысқан. Алғашқы ұстазы Ғани Ильяевтың шығармаларынан шабыт алып әрі қарай шығармашылыққа жеттелегенін үнемі айтып отырады.

Қазақ гобилен өнерінің негізін қалаушы кәсіпқой суретші Батырбек Өтепов «Өнердің ең үлкен өлшемі суреткердің өз туған еліне деген махаббатымен өлшенеді» деп айтып, Бибіажар Симованың шығармашылығын жоғары бағалаған. Кейіннен шеберге Қазақстаның ұлттық құндылықтарын дамытып дәстүрлі өнерді сақтап, дәріптеуінде еткен, еңбегі үшін қол өнерінің «ХАС ШЕБЕР» медалімен марапатталған [10].

Мемлекет және қоғам қайраткері Сайлаукүл Барақованың естелігінде Қазақтың қарапайым ғана, үнемі күлімсіреп жүретін, бойындағы сан қырлы өнерін көп адам байқай бермейтін Бибіажар мен үшін өте қымбат жан. Ата-баба мұрасын асқақтатып, халықымыздың дәстүр-салтын бойына толық сіңірген екі адам болса бірі Бибіажар дер едім. Бойына дарыған өнерді тұншықтырмай «Білмегенді көріп үйрен, білгеніңді басқаға үйрет» деген нақылды мықтап ұстанып әлі күнге дейін үйреніп, білгенін басқаларға үйретіп жүргенін көріп қуанамын деп жазады [8].

Қазақстан, Қырғызстан республикаларының Мәдениет қайраткері Нұрлан Шилібаев естелігінде халықымыздың ежелден келе жатқан керемет қасиетті дәстүрді шебер ата-бабаларымыздың, әжелеріміздің қалдырған мұрасын жеткізуші талантты шеберіміз – Бибіажар Иманбекқызы Симова деп көрсеткен.

Сонау студенттік өмірін бірге өткізген құрдасы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Лесхан Сманов естелігінде: «Бибіажардың шығармашылық өнерінің белгілі жоғары сатыға көтерілуіне 1974 жылдардағы «Халық шеберлерінің шығармашылығы», «Сәндік қолданбалы өнерді дамыту» атты бүкіл Одақтық шығармашылық көрмесі екенін еске алады.

Мен алты жастан үйренген өнерімді алпыс жасқа келгенше үзген жоқпын, үнемі жалғастырып отырдым... Қай уақытта шаршаймын не болмаса қиялыма жақсы ой келгенде отыра қалып кесте, тігін тігемін, тоқыма тоқимын. Сол кезде бар шаршағаным басылып, дем аламын. Өйткені бұл өнер деген адамға күш қуат береді, кеңес береді, сабырлыққа апарады, мына қызығушылық барлық ойынды сол өнерге қарай жалғасып керемет құлшыныс пайда болатынын жүрегім сезеді деп Бибіажар апайымыз үнемі айтады [5].

Шебердің әрбір композициялық орталықта орналасқан фигурасы ұрпақтар сабақтастығын білдіретін негізгі композициялық элементті құрайды. Олар ата, әке, бала, әже, ене, келін көріністерінің символдық белгілері. Шығарма колориті жылы түрлі-түсті сипатты қауымдастырған. Колорит – қазақтың сары даласын елестетеді. Шығармадағы ерекше белгі – жүннің түгі мен түстерінің шығарма композициясындағы формалар түсімен идеялық ойды айтудағы суретшінің ұтымды шеберлігімен ерекшеленеді. Шығармаларында символдық көріністер: бабалар көші қонған жер, табиғат, аталар аманаты болған жер, береке бірлік – отбасы тұтас образды қарастырған.

Қазақстан дамып келе жатыр, қолөнерді де өзіміз қолға алатын шығармыз. Жеке-жеке әр қазақ мен сияқты үйінде шеберхана ашып ала бермейді. Бір адам істеген жұмыстың көлемі тұқ те болмайды. Мемлекет жүн иіретін фабрика немесе цех ашып, осы саланы қолға алып, дамытса жақсы болар еді [3].

**Қорытынды**

Қол өнер шебері Бибіажар Симованың жүнді көркемдік өңдеу технологиясын дамыту, шығарма идеясы, композициясы, колориті мен орындау технологиясы бойынша талдау жасау нәтижесінде мынандай тұжырымға келуге болады: суретші үнемі жаңашылдықпен дәстүрлі





өнерді іздеу үстінде, тоқу технология үстінде көрінеді; жүнді көркем өңдеу технологиясын меңгеруді станоктық картина деңгейіне дейін дәріптеген шығармашылық тұлға. Паннолардағы жылы түстерге құрылған шығарма колориті – еліміздегі сары арқаны, сары белдерді елестетеді. Шығарма композициясында айқын симметриялық орталықтың көрініс табуы мен шығарма композициясының құрылымдық жүйесінің туынды идеясына қатаң түрде бағынуы, паннолардағы ою-өрнектілікті, сәндік безендірушілікті көрсетеді.

Бейнелеу өнеріндегі жаңашылдығымен сипатталатын жүн түгінің түстері – Ұлы дала өнерінде көркемдік элемент ретінде қолданыс тапқан. Шебер Симова жүнді көркем өңдеу арқылы идеялық ой айтқан, шығармашылық даралық сипаты бар композиция құрастырған, табиғи жүн материалдарын ұтымды қолдану арқылы түстік шешім шығарған, жүнді шығарма идеясына сай бояу техникасын таңдаған. Қол өнер шебері жүннен тоқу композициясын жасау арқылы өткен дәуір тынысын білдіретін ауқымды идеялық ойды көрерменге жеткізе білген, оны дамыта отырып, белгілі бір дәуір тынысын суреттейтін образ деңгейіне дейін көтерген кәсіби қабылет ауқымы кең шебер. Бұл іс-әрекеттер суретші-шебер шығармашылығының жоғары деңгейін көрсететін өлшем – заманауи технологиялық жаңашылдық пен ұлттық мәдениет құндылықтары арқылы рухани жаңғыру идеясының бірлігін көрсетеді.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. [Электронный ресурс]. – https://www.akorda.kz/kz/addresses/ addresses_of_president /kazakstan-respublikasynyn-prezidenti. – Астана қ., 2014 жылғы 17 қаңтар

2 **Ералин, Қ. Е.** Бейнелеу өнеріндегі Абай образы:/ А. Ясауи атын. ХҚТУ Археология және өнер журналы. [Электронный ресурс]. – https://dergipark.org.tr/en/ download/article-file/2346830. –Түркология (6) 2020. – 136–149 б.

3 **Ералин, Қ. Е.** Этнодизайн. Оқу құралы. [https://ayu. edu.kz/]Түркістан : А. Ясауи атын. ХҚТУ, 2014. – 2003 б.

4 **Кемешов, Д. А.** Ұлы дала философиясы: Монография. [Электронный ресурс]. – https://www.kaznu.kz/content/ pdf]. – Шымкент : ОҚМПИ, 2018. – 215 б.

5 **Байжигитов, Б. К.** Өнер тарихы мен теориясы. [Электронный ресурс]. – https://kaznpu.kz.docs/postupaushim11/spec/6D010700kaz.pdf] –Алматы : Алму, 1999. – 224 б.

6 **Амиргазин, Қ. Ж.** Қазақ қол өнері: Темір. [Электронный ресурс]. – https:// cyberleninka.ru/article/n/znachenie-semantiki-ornamentov. pdf]. – Алматы : Сорос Казахстан, 1994. – 120 б.

7 **Ералин, Қ. Е.** Суретші Айнабек Оспановтың шығармашылығындағы концептуальдық стиль А.Ясауи университетінің Хабаршысы: №2 (108) сәуір-маусым. [Электронный ресурс]. – http://rmebrk.kz/journals/6812/9281.pdf]. – Түркістан, 2018. – 132–141 б.

8 **Ералин, Қ. Е.** Графика шебері Батухан Байменнің шығармашылығы// Түркология журналы. А.Ясауи университетінің Хабаршысы: №1(75) қаңтар-ақпан. [Электронный ресурс]. – http://rmebrk.kz/journals/ 6812/9281.pdf. – Түркістан, 2016. – 131–140 б.

9 **Танирбергенов, М. Ж., Медведев, Л. Г., Умралиева, Л. М.** Ұлттық көркем шығармашылық мәдени құндылықтары, Оқу құралы. – Шымкент, 2020. – 122 б.

10 **Танирбергенов, М. Ж., Умралиева, Л. М.** Қазақстан қолөнері шеберлерінің шығармашылығы: оқу құралы. – Шымкент, 2021. – 89 б.

REFERENCES

1 President Of The Republic Of Kazakhstan N. A. Nazarbayev [Address to the people of Kazakhstan] [Text]. [Electronic resource]. – https://www.akorda.kz. – Astana, January, 2014. – N-17.

2 **Yeralin, K. E.** Beıneleý ónerindegi Abaı beınesi:[The image of Abai in the Visual Arts:] [Text]. – A. Yasavi MKTU Journal of Archaeology and art - Turkology (6) – 2020. – P. 136–149.

3 **Yeralin, K. E.** Etnomedısına. Oqý quraly. [Etnomedisina. Training manual] [Text]. – Turkestan : MKTU named after A. Yasavi, 2014. – 2003 p.

4 **Kemeshov, D. A.** Uly Dala Fılosofıasy [Philosophy Of The Great Steppe] [Text]. – Shymkent : SKSPI, 2018. – 215 p.

5 **Baizhigitov, B. K.** Tarıh jáne óner teorıasy [History and theory of Art] [Text]. – Almaty : Almu, 1999. – 224 p.

6 **Amirgazin, K. Zh.** Qazaq qolóneri: Temir [Kazakh crafts Iron][Text]. - Almaty : Soros Kazakhstan, 1994, – 120 p.

7 **Yeralin, K. E.** Avtor: Aınabek Ospanov shyǵarmashylyqtaǵy konseptýaldy stıl. [By The Artist Ainabek Ospanov/conceptual style in creativity Bulletin of] [Text]. – A. Yasavi University: No.2 (108) April-June. – Turkestan, 2018. – P. 132–141.





8 **Yeralin, K. E.** Grafıka sheberi Batý han Baımen shyǵarmashylyǵy [Master of graphics Batukhan Baimen creativity] [Text]. – Journal of Turkology. – Turkestan, 2016. – P. 131–140.

9 **Tanirbergenov, M. Zh., Medvedev, L. G., Umralieva, L. M.** Ulttyq kórkem shyǵarmashylyqtyń mádenı qundylyqtary oqý quraly [Cultural values of national artistic creativity textbook] [Text]. – Shymkent, 2020. – 122 p.

10 **Tanirbergenov, M. Zh., Umralieva, L. M.** Qazaqstannyń Qolóneri Sheberlerdiń shyǵarmashylyǵy boıynsha oqý quraly. [Crafts of Kazakhstan Manual of creativity of Masters] [Text]. – Shymkent, 2021. – 89 p.

Материал 14.09.22 баспаға түсті.

**Л. М. Умралиева[1], М. Ж. Танирбергенов[2], А. К. Сабырова[3], С. А. Фейзулдаева[4], Р. Х. Кошкимбаева[5]*
[1,2]Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова,
Республика Казахстан, г. Шымкент;
[3,4]Жетысуский университет имени Жансугурова,
Республика Казахстан, г. Талдыкорган;
[5]Павлодарский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 14.09.22.

## ПРИОБЩЕНИЕ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ К НАЦИОНАЛЬНОМУ ТРАДИЦИОННОМУ ИСКУССТВУ ЧЕРЕЗ ТВОРЧЕСТВО Б. СИМОВОЙ

*В данной статье рассматривается искусство рукоделия, являющееся бессмертным наследием казахского народа с древнейших времен, передаваемое из поколения в поколение, от отца к ребенку, отражающее национальную самобытность кочевой страны в мире.*

*Формирование у будущих педагогов представлений о высокой профессиональной направленности как специалиста национального традиционного искусства, высокой духовной и этнопедагогической культуре, роли прикладного искусства в жизни народа.*

*Раскрыт ряд традиционных граней художественного творчества мастера Бибиажар Симовой, передающего наследие наших предков, бабушек и дедушек. Раскрыты приемы использования для композиции фактуры двухсторонней шерсти, шерстяного переплетения по творчеству создания картины из шерсти. Рассмотрены способы*

*создания композиции с изображением лица картины, напоминающей форму изображения в реальной жизни. В зависимости от длины шерсти, направления волнистости, характера окраса, определены способы композиции. Рационально воспользовавшись сходством проявлений естественных образных форм на поверхности кожи с проявлениями формы в жизни, он открыл идею творения. Сделан концептуальный, нарратологический анализ художественных особенностей панно из кожи. Эти действия отражают единство идеи духовного возрождения через измерение высокого уровня творчества художника-мастера-современного технологического новшества и ценностей национальной культуры.*

*Ключевые слова: национальное наследие, традиционное искусство, текстильное искусство, декоративные ремесла, фактура и цвет, орнаменты, декоративный декор.*

**L. M. Umralieva[1], M. Zh. Tanirbergenov[2], A. K. Sabyrova[3], S. A. Feyzuldaeva[4], R. Kh. Koshkimbaeva[5]*
[1,2]M. Auezov South Kazakhstan University,
Republic of Kazakhstan, Shymkent;
[3,4]Zhetysu University named after Zhansugurova,
Republic of Kazakhstan, Taldykorgan;
[5]Pavlodar Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 14.09.22.

## ACCESSING FUTURE TEACHERS TO NATIONAL TRADITIONAL ART THROUGH B. SIMOVA'S CREATIVITY

*This article examines the art of needlework, which is the immortal heritage of the Kazakh people since ancient times, passed down from generation to generation, from father to child, reflecting the national identity of a nomadic country in the world.*

*Formation among future teachers of ideas about a high professional orientation as a specialist in national traditional art, high spiritual and ethnopedagogical culture, the role of applied art in the life of the people.*

*A number of traditional facets of the artistic creativity of the master Bibiazhar Simova, transmitting the heritage of our ancestors, grandparents, are revealed. The methods of using the texture of double-sided wool, woolen weave for the creation of a picture from wool, are disclosed. Methods of*





*creating a composition depicting the face of a painting that resemble the shape of an image in real life are considered. Depending on the length of the coat, the direction of waviness, the nature of the color, the methods of composition are determined. Rationally taking advantage of the similarity of the manifestations of natural figurative forms on the surface of the skin with the manifestations of forms in life, he discovered the idea of creation. A conceptual, narratological analysis of the artistic features of the leather panel has been made. These actions reflect the unity of the idea of spiritual revival through measuring the high level of creativity of the artist-master-modern technological innovation and the values of the national culture.*

*Keywords: national heritage, traditional art, textile art, decorative crafts, texture and color, ornaments, decorative decor.*

## АВТОРЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

**Абдуалиева Маржан Амирбековна,** PhD., доцент, Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы жоғары мектебі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., 160000, Қазақстан Республикасы, e-mail: Abdualieva82@mail.ru

**Абенова Әсем Тулегенқызы,** аға оқытушысы, Computer science факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140003, Қазақстан Республикасы, e-mail: asem.abenova_01@mail.ru

**Абильдинова Гульмира Маратовна,** педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор (доцент), Ақпараттық технологиялар факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: Gulmira_2181@mail.ru

**Абыкенова Дария Болатовна,** қауымд. профессор, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Републикасы, e-mail: abykenova_db@mail.ru

**Аженов Аскар Алимаулетович,** аға оқытушы, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: sokrat-ares@mail.ru

**Ажмолдаева Клара Байжігітқызы,** жаратылыс ғылымдар магистрі, аға оқытушы, Жаратылыстану факультеті, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, Қызылорда қ., 120000, Қазақстан Республикасы, e-mail: klara_1465@mail.ru

**Ақышев Арман Айтмухаметович,** саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан халқы ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: armanfip@mail.ru

**Алимова Шолпан Жанболатовна,** PhD, оқытушы-сарапшы, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы, e-mail: sholpan_alimova@mail.ru

**Альжанов Айтуган Кайржанович,** педагогика ғылымдарының кандидаты, Информатика кафедрасының доценті, Ақпараттық технологиялар факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: alzhanov_ak@mail.ru

**Амангелді Нұргүл,** философия докторы (PhD), аға оқытушы, Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы, e-mail: nnurka87@mail.ru





**Аплашова Арна Жартаевна,** психология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, Педагогика жоғары мектебі, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: aplashova.arna@mail.ru

**Артықбаева Гульжан Туруспекқызы,** әлеуметтану магистрі, аға оқытушы, Гуманитарлық және әлеуметтік пәндер факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: gulzhan17@yandex.kz

**Арынова Шынар Жаныбековна,** қауымд, профессор, Жаратылыстану ғылымдары факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: shinar_uzh@mail.ru

**Аубакирова Салтанат Советовна,** PhD, қауымд. профессор (доцент), Гуманитарлық және әлеуметтік пәндер факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: aubakirovasaltanat19@gmail.com; aubakur@mail.ru

**Балгабаева Галия Серикбаевна,** аға оқытушы, Computer Science факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: galia_tan@mail.ru

**Бейсембаев Мұрат Құлханұлы,** техника ғылымдарының кандидаты, доцент, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: murat1959@mail.ru

**Беисова Алмагуль Еренбаковна,** ғылыми қызметкер, Ж. Аймауытов атындағы ғылыми-практикалық орталығы, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: alma_gul58@mail.ru

**Бурдина Елена Ивановна,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: e.i.burdina@mail.ru

**Быков Петр Олегович,** Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы

**Варлакова Елена Юрьевна,** 7М01551 Биология мамандығы бойынша магистрант, Жаратылыстану мектебі, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы, e-mail: varlakovayelena@gmail.com

**Герфанова Эльмира Фиратовна,** PhD, ассистент профессор, Әлеуметтік ғылымдар департаменті, Astana IT University, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: elmira.gerfanova@astanait.edu.kz

**Динаева Бекзат Бегалыкызы,** филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессоры, Әлеуметтік ғылымдар департаменті, Astana IT University, Нұр-Сұлтан қ., 010016, Қазақстан Республикасы, e-mail: dbb-31.05.kz@inbox.ru

**Диуанова Райкул Кенесбайқызы,** филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор м.а, «Практикалық ағылшын тілі» кафедрасы, Гуманитарлық-педагогикалық институты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда унверситеті, Қызылорда қ., 120000, Қазақстан Республикасы, e-mail: raikul.diuanova@mail.ru

**Дьяков Дмитрий Викторович,** филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы, академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.,100028, Қазақстан Республикасы, e-mail: diakovd@mail.ru

**Жайлаубаева Назгүл Нұрланқызы,** І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., 040005, Қазақстан Республикасы, e-mail: 4workn@mail.ru

**Жакпарова Гульнар Алдонгаровна,** педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушысы, Педагогика және психология кафедрасы, Шәкәрім университеті, Семей қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: guma_6565@mail.ru

**Жетписбаева Бахытгуль Асылбековна,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Стратегиялық даму жөніндегі проректоры, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., 100028, Қазақстан Республикасы, e-mail: zhetpisbajeva@mail.ru

**Жумадирова Кайныш Курмашевна,** педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: zhumadirova_51@mail.ru

**Жунусова Айнагуль Куанышбаевна,** докторант, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: aina_zhunusova@mail.ru

**Жұмағұлова Марияш Шырдайқызы,** филология ғылымдарының кандидаты, доцент, «Шетел тілдері және аударма» кафедрасы, Гуманитарлық-педагогикалық институты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., 120000, Қазақстан Республикасы, e-mail: mariyash_shj@mail.ru

**Зейтова Шолпан Сериковна,** физика магистрі, аға оқытушы, Computer Science факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: zeitova_sholpan@mail.ru

**Ибадуллаева Салтанат Жарылкасынқызы,** биология ғылымдарының докторы, профессор, Жаратылыстану факультеті, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., 120000, Қазақстан Республикасы, e-mail: salt_i@mail.ru





**Искакова Анаргуль Батырбаевна,** PhD, аға оқытушы, «Computer Science» факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: anar_is@mail.ru

**Искакова Зауреш Сабырбековна,** гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы, Гуманитарлық және әлеуметтік пәндер факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: zauresh_iskakova@mail.ru

**Кабиденова Жұлдыз Дюсенбаевна,** PhD, қауымд. профессор, Қазақстан тарихы кафедрасы, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: erasil_zhuldiz@mail.ru

**Казиев К.О.,** PhD, қауымд. профессор, Психология және арнайы білім беру кафедрасы, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

**Карабалаева Айман Бейсембайқызы,** жаратылыс ғылымдар магистрі, Жаратылыстану факультеті, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., 120000, Қазақстан Республикасы, e-mail: aiman_jan@mail.ru

**Каратаева Жанерке Рысбековна,** докторант, «Информатика мұғалімдерін даярлау» мамандығы, Ақпараттық технологиялар факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: K_Zhanerke@mail.ru

**Карача Джелал,** профессор (ассистент), Компьютерлік технологиялар кафедрасы, Ақсарай университеті, Ақсарай қ., 68100, Түркия, e-mail: Karaca42@gmail.com

**Карашолакова Лаззат Наушабаевна,** PhD, Ғылым және ғылыми жобаларды коммерцияландыру бөлімінің басшысы, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., 040009, Қазақстан Республикасы, e-mail: karasholakova.lazzat@mail.ru

**Койшибаев Махамбетжан Нахипбекович,** филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, Педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі кафедрасы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ, 120000, Қазақстан Республикасы, e-mail: Mahat75.62@mail.ru

**Корогод Наталья Петровна,** биология ғылымдарының кандидаты, «Биология» білім беру бағдарламасының доценті, Жаратылыстану мектебі, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы, e-mail: natalya_korodod@mail.ru

**Кошкимбаева Раиса Халыковна,** оқытушы-сарапшы, педагогика ғылымдарының магистрі, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы, e-mail: Raissa-1964@mail.ru

**Ксембаева Сауле Камалиденовна,** педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: saule_K@mail.ru

**Кударова Назгуль Абильбековна,** PhD, доцент, педагогика кафедрасы, Еуразия гуманитарлық институты, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: nazgul.kudarova@mail.ru

**Кудышева Айнаш Амангельдыевна,** педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: a.a.kudysheva@gmail.com

**Қасқабасова Алтынгүл Абаевна,** магистр, аға оқытушы, Қазақстан тарихы кафедрасы, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: Kaa80alt@mail.ru

**Құсайынова Жайнагүл Айтмағанбетқызы,** Гуманитарлық факультеті, С. Сейфуллин Агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 000001, Қазақстан Республикасы, e-mail: zhaina-1972@mail.ru

**Майгельдиева Жаннат Мусабековна,** филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Орыс тілі мен әдебиет кафедрасы, Гуманитарлық-педагогикалық институты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., 120014, Қазақстан Республикасы, e-mail: jmussabek@mail.ru

**Махадиева Асель Каратаевна,** PhD, аға оқытушысы, Педагогика кафедрасы, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010010, Қазақстан Республикасы, e-mail: makhadiyeva_ak@enu.kz

**Муканов Руслан Батырбекович,** PhD, қауымд. профессор (доцент), Инженерия факультеті, Торайғыров университеті, 140008, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: ruslangr82@mail.ru

**Муканова Саулеш Димкешевна,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «БАҰО «Өрлеу» АҚ Қарағанды облысы бойынша біліктілікті арттыру институты филиалының директоры, Қарағанды қ., 100028, Қазақстан Республикасы, e-mail: Mukanova_s@mail.ru

**Мукатаева Кундыз Боранбаевна,** аға оқытушы, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: kundyz.mukatayeva@gmail.com





**Мукашева Күміжан Каирғалықызы,** докторант, «Педагогика және психология» мамандығы, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: kobyzatherapy@list.ru

**Мухаметкаиров Арсланбек Ерболатович,** докторант, 1 курс, «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы, Педагогика жоғары мектебі, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: mukhametkairov95@mail.ru

**Нариман Сания Аслбековна,** докторант, «Информатика» кафедрасы, Ақпараттық технологиялар факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: saniya_khairova@mail.ru

**Немчинова Е. М.,** PhD, профессор, Сиэтл Тынық мұхиты университеті, Сиэтл, АҚШ, e-mail: katya@spu.edu

**Нургалиева Муршида Елубайқызы,** PhD, қауымд. профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: murshida80@mail.ru

**Нургалиева Сания Айдархановна,** педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: sanianur@mail.ru

**Нұрғабыл Дүйсебек Нұрғабылұлы,** физика-математика ғылымдарының докторы, профессор,І. Жансугуров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., 040005, Қазақстан Республикасы, e-mail: kebek.kz@mail.ru

**Омарова Марал Кубегеновна,** Педагогикалық факультеті, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, 100026, Қазақстан Республикасы, e-mail: omarchuk-83@mail.ru

**Оспанова Назира Нургазиевна,** педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, «Ақпараттық технологиялар» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы

**Отепова Гульфира Елубаевна,** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Гуманитарлы ғылымдардың жоғары мектебі, Педагогикалык университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы, e-mail: g.otepova.hist@mail.ru

**Попандопуло Анар Сериковна,** PhD, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: anaralinara79@mail.ru

**Пшембаева Эльмира Сабировна,** аға оқытушы, «Тұлғалық дамыту және білім беру» кафедрасы, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар

факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: elmira_1992@mail.ru

**Рахимбекова Гүлденсін Оразбекқызы,** Гуманитарлық факультеті, С. Сейфуллин атындағы агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 000001, Қазақстан Республикасы, e-mail: grakhimbekova@mail.ru

**Сабырова Әсел Қуанышқызы,** докторант, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., 040000, Қазақстан Республикасы, e-mail: asel1sabirova@mail.ru

**Сагиндиков Исатай Умирзакович,** педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогикалық квалиметрия және халықаралық зерттеулер орталығының директоры, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Нұр-Сұлтан қ., 010020, Қазақстан Республикасы, e-mail: isatay60@mail.ru

**Сағынтаева Жұлдыз Қайратқызы,** PhD, доцент, Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы, e-mail: zhuldyz.sagyntaeva@mail.ru

